

## "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 тамыздағы № 308 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 11 қыркүйекте № 3401 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 282 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 28.09.2016 № 282 қаулысымен.**

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Райымбек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Таударбекова Рысалды Абдикеримовнаға осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Тақабаев Олжас Маратұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Тажиев*

Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 тамыздағы "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 308 қаулысымен бекітілген қосымша

**"Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) білім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлімнің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 041400 Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, № 19.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Райымбек аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Бөлім құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлім қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

13. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлім функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Бөлімнің миссиясы: білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру

15. Міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 3) мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру

16. Функциялары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді ұсынуды қамтамасыз ету;
- 2) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру;
- 3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастыру;
- 4) мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша ұсыныс енгізу;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;
- 6) мектепалды даярлықтың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастыру;
- 7) аудандық әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету;
- 8) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз ету;
- 9) аудан ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету;
- 10) мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсау;
- 11) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;

13) білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

14) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

15) білім беру мониторингін жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру;

17) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;

18) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз ету;

19) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;

3) Бөлімнің құзыретіне жататын аудан әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) Бөлімнің мүдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру ;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Бөлім қызметін ұйымдастыру**

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы

жүзеге асырады.

19. Бөлімнің бірінші басшысын Райымбек ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

21. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде анықтайды;

2) Бөлімнің қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

3) Бөлімнің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде Бөлімнің қызметкерлері, Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің директорлары орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

5) Бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыреті шегінде Бөлімнің мүддесін білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Бөлім мүлкі**

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

1) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көксай орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме ;

2) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ораз Жандосов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Қостөбе бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

3) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сағат Әшімбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

4) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Айтжан Түркебаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

5) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Нұрбапа Өмірзақов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

6) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қазыбек Шорманов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

7) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақсай орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

8) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақай Нүсіпбеков атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

9) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сарсенбай Бейсембетұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

10) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жамал Ермагияев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

11) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сарыжаз орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ақбейіт бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

12) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көмірші орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

13) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Әужан

Ниязбеков атындағы негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

14) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тәліп Мұсақұлов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

15) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ұзақ Бағаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Алғабас бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

16) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақтасты орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

17) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарқара орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ереуіл бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

18) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тасашы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Сарыкөл бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

19) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қапез Байғабылұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

20) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жаменке орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

21) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Абай атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

22) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бөлексаз орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

23) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Іңкәрбек Жұмағұлов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Көкпияз бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

24) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қайнар орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

25) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Талды негізгі мектеп және Кеңсу бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

26) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 2 Кеген орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Түменбай бастауыш

мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

27) ) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Майлы Орманов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

28) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ыдырыс Көшкінов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

29) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мұқағали Мақатаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

30) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 3 Кеген орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

31) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұйық орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

32) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Өжек Жаңабаев атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

33) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тельман Жанұзақов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

34) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шалкөде орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

35) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шоқан Уалиханов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

36) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарабұлақ орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

37) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бердібек Соқпақбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

38) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жаңа Текес негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

39) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалаулы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

40) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Албан Асан Барманбекұлы атындағы орта мектеп- гимназиясы мектепке дейінгі шағын



орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

41) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сұраншы Сауранбаев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

42) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жіңішке бастауыш мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

43) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жайдақбұлақ негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

44) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көдек Байшығанұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

45) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бестөбе негізгі мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

46) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бескөл негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

47) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарасаз ауылындағы өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

48) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Текес ауылындағы балалар өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

49) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жалаңаш мектепаралық оқу- өндірістік комбинат" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

50) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Нарынқол мектепаралық оқу- өндірістік комбинат" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

51) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бабөбек" бөбекжай-балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекеме;

52) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарлығаш" бөбекжай-балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекеме;

53) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қызғалдақ" бөбекжай-балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекеме;

54) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Балдаурен" бөбекжай-балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекеме;

55) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Балауса" бөбекжай-балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекеме;

56) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Таугүл" бөбекжай-балалар бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекеме;

